

Кенжебаева А.Ә., Дәулет Ф.Н.,
Темешов А.Ж.

**Лаошының шығармаларындағы
жалқы есімдердің
лингвомәдени
әлеуеті мен сипаты**

Kenzhebaeva A.A., Daulet F.N.,
Temeshov A.Zh.

**Lingvo culture analysis of proper
names in Laoshi works**

Кенжебаева А.А., Дәулет Ф.Н.,
Темешов А.Ж.

**Лингвокультурный анализ
собственных имен
в произведениях Лао Шы**

Мақалада қытай әдебиетінің белді қаламгері Лаошының белді туындыларындағы жалқы есімдердің семантикасына талдау жасау арқылы қытай ұлттың мәдени болмысы мен ойлау жүйесі, қоршаған дүниені қабылдаудағы ұлтының менталдық танымы туралы жан-жақты ақпарат берілген.

Түйіндеме сөздер: ономастикалық бірліктер, онимдер, концепт, этномәдени ақпарат, лингвомәдениет.

This article analyzes the Lingvo culture as pecificethno-linguistic, symbolic features of onomasticunit of Lao Shyprose. And also describes the relationship Lingvo culturein formation content onomasticon Chinese writer works with the national mentality, peculiarities of attitude, spiritual and moral values of the Chinese people.

Key words: onomasticunits, names, concept, ethno-culturalin formation, lingvo culture.

В данной статье дается анализ лингвокультурной специфике этнолингвистических, символических особенностей ономастических единиц произведения Лао Шы. А также описывается взаимосвязь лингвокультурологической информации в содержании ономастикона произведений китайского писателя с национальным менталитетом, особенностями мировосприятия, духовно-нравственными ценностями китайского народа.

Ключевые слова: ономастические единицы, онимы, концепт, этнокультурная информация, лингвокультура.

**ЛАОШЫНЫҢ
ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ
ЖАЛҚЫ ЕСІМДЕРДІҢ
ЛИНГВОМӘДЕНИ
ӘЛЕУЕТІ МЕН СИПАТЫ**

Лао Шының туындыларындағы жалқы есімдер кешені лингвомәдени ақпараттар тасымалдаушы тілдік бірліктер ретінде ұлттық дүниетаныммен байланысты халықтық білімдер жүйесін құрайды. Қаламгер шығармаларындағы көптеп кездесетін жалқы есімдері ұлттың, тілдік ұжымның тарихын, шаруашылық мәдениеті мен дүниетанымын айғақтайды. Лао Шы сомдаған Сянцзы, Хуню, Сяофуцзы бейнелері арқылы қытай халқының ұлт дүниетанымы жайында мол мағлұмат алуға болады. Жазушы прозасында кездесетін жалқы есімдердің этнолингвистикалық, лингвомәдени мазмұны сол тарихи кезеңдегі «ғаламның тілдік бейнесі» мен «ұлттық ономастикалық бейнесін» сипаттайды.

Жалпы Лао Шы шығармашылығы туралы батыс, қытай, орыс, жапон зерттеушілері де аз зерттеген жоқ. Қытай ғалымдары арасында тек тілші ғалымдардың өзін алып қарастыратын болсақ, Ян Гуаньын, Ваң Сиңжы, Жаң Чиңчаң, Лу Сиуюандардың зерттеу еңбектерін атауға болады. И.Г. Баранов, В.Н.Рогов, Н.Т. Федоренко, Ю.М. Осипов, А.А. Тишков, А.А. Файнгар, В.И. Семанов, В.В. Петров, В.Ф. Сорокин, М.Е. Шнейдер, Л.З. Эйдлин, А.А. Антиповский, т.б. орыс ғалымдары Лао Шы туындыларының ғажайып тартымдылығы, сүйсіндірер қасиеті – тілінің поэтикалық феноменінде деп жоғары баға берген. А.Н. Желоховцев, А. Кириллов қаламгер туындыларын жан-жақты зерттеген. Осыған орай қалагердің шығармаларындағы ономастикалық атаулардың лингвомәдени мазмұны мен концептілік құрылым ерекшеліктерін анықтау мақсаты туындайды. Дегенмен, Лао Шы туындыларындағы онимдердің сипатын, жалқы есімдердің табиғатын, оның лингвомәдени ерекшеліктері және когнитивтік қырын қарастырған еңбектер әлі де көлемді зерттеу нысаны бола қойған жоқ. Себебі шығармада берілген жалқы есімдердің өзі қытай халқының тарихи, мәдени құндылықтарының қайнар көзі екендігінде күмән жоқ. Бұл, сонымен қатар Лаоштанудың жаңа бір қыры. Қазіргі таңда отандық лингвистикада этнолингвистикалық бағытта жемісті еңбек еткен қазақ ғалымдары Ә. Қайдар, Е. Жанпейісов, Г. Смағұлова т.б. зерттеулері тек этнолингвистика үшін емес, когнитивтік зерттеулер үшін де бағалы еңбектер. Қазақ ономас-

тикасының негізін қалаушылар Т. Жанұзақов, Ә. Әбдірахманов, Е. Қойшыбаев, Ғ. Қоңқашбаев, т.б. ғылыми еңбектерінде қазақ жалқы есімдеріне жан-жақты тілдік зерттеулер жасалса, қазіргі таңдағы қытай лингвистикасындағымұндай бағытты ұстанған зерттеушілер қатарын Сюй Циң, Уаң Хунмэй, Чэн Ли, Лу Кай бастап тұр.

Қазақ тіл біліміндегі ономастика саласына қатысты антропоэзеттік парадигмадағы зерттеулердің қатарында Б. Тілеубердиевтің, Ғ. Мадиеваның, Қ. Рысбергеннің зерттеулерін атауға болады. Бұл еңбектерді қазақ ономастикасын лингвокогнитивтік бағытта қарастырған тіл біліміндегі көлемді зерттеулер ретінде бағалауға болады.

Көркем мәтін ономастикасы өзіне тән зерттеу әдісі қалыптасқан ономастика ілімінің саласы. Ол жалқы есімдердің бойындағы рухани және материалды мәдениетті ұлттың танымдық тәжірбиесімен ұштастыра отырып, ментальді-когнитивті таңбаланғанын қарастырумен ерекшеленеді. Мұндай тұрғыдан зерттеу арқылы қаламгер туындыларындағы ұлттық дүниетаным мен мәдениетті, тілдік және тілдік емес мәліметтерді толыққанды тануға мүмкіндік береді. Мәселен, «Арбакеш» романында Симын проспектісі (西安门大街), Нанбэй көшелері (南北长街), Маоцзяван (毛家湾), Сишан (西山) атауларының өзі-ақ сан ғасырлық қытай ұлтының тарихы мен мәдениетінен сыр шертеді. Шығармадағы Сишан (西山), Юнхыгуң, Бадахутуң, Юньдинмын, Наньюан, Андинмын, Цинхы, Бэйуэн, Синцзекоу, Чиңхуа, Мяофыншан тауы, Бэйсин-чжуан, Вэйцзяцуң, НанХы-тан, Хуншантоу, Цзеваңфу и Цзинюан, Хайдиэн, 魔石口, 金顶山, 魏家村, 礼王坟, 南河滩, 静宜园, 西直门, 四平台, 南辛庄 атауларының астарында ұлттық топонимдерге қатысты мәдени код жасырынған. Ұлттық мәдени кеңістіктің тұңғықты бойлаған қатпарлары мәдени тұрғыда жұмбақталған халықтың дүниетанымынан, болмыс-табиғатының үзіктерінен тұрады десек болады. Мысалы, «Арбакеш» романындағы бұл атаулардың ішінде: тау – Сишан тауы, Ваңшоушан, Хуншан тауы, Бэйшан тауы, Мяо фыңшан тауы, Цзиндиңшан арқылы вербалданып, өзінің семантикалық және концептілік мазмұнында әр алуан экстралингвистикалық, ассоциативтік, бағалауыштық мәліметтерді топтастырған. «Тау» концептісіне қатысты бұл атаулардың мағынасы анық, энциклопедиялардағы дефинициясы бар, денотаты нақты таңбалар қатарына енеді. «Су» концептісі құрылымын біз, негізінен, «айлақ», «сарқырама», «тоған», «теңіз», «жағажай», «шөгінді» микроконцептілері арқылы жүйеленетіне көз жеткіздік. Қы-

тай тілінде суға қатысты этномәдени астары бар мәліметтер тек атау ретінде ғана емес, сонымен бірге мифологиялық ұғым-түсініктер, ырым-дәстүрлер, наным-сенімдер, мақал-мәтелдер, чыңүйлер, сиохоуүйлер арқылы да вербалданады. Лаошы шығармаларындағы сулы кеңістіктің жалпыланған образын «теңіз» немесе «тоған» концептісі арқылы шоғырландыруға болады. Мәселен, Бэйхай (Бэйхай теңізі), Цишуйтан (Цишуйтан тоғаны) т.б. Белді ғалым Т. Жанұзақ айтпақшы: «Атаулардың бәрі халық тарихы, қоғам өмірімен, адамдардың жеке басы, іс-әрекетімен біте қайнасып, ғасырдан ғасырға жетіп, кейінгі буынға мирас, өшпес шежіре, шынар ой, ұшқыр қиял, данышпандық зердесі мен ұлттық мінез-құлқы, барша болмысының көрінісі» /1/. Көркем туындының ономастикалық кеңістігін кұруда Лао Шы өзіне етене таныс ақиқат мәдени-этнологиялық кеңістіктегі ұғымдарға, ұлттық атау жасау қағидаттарына сүйенеді. «Ажырасудағы» Симынның кірпішті мұнараларға толы аллеясы (西门的砖塔胡同), «Лао Жаңның пәлсапасы» («老张的哲学») туындысындағы Дэшынмын, (德胜门), Хугуо ғибадатханасы (护国寺街), Хайдян 海淀сындағы жерлер Бежін қаласының солтүстік батысындағы жер аттары. «Төрт ұрпақтың тарихы» («四世同堂») атты туындысындағы көшелері тар келген Сяоянчүанның келбетін суреттеу арқылы көне Бежін қаласының мәдениетінен сыр шертеді. Романда бейнеленген Бэйхай, Хугуо ғибадатханасы, Сишан, Бэйшан, Цишуйдің төрт мезгілдегі алуан түрлі келбеті шынайы суреттелген. Баличжуан, Хуанцун, Бэйсинан, Мошыкоу, Улитун, Санцзядиан атаулары халық ұғымындағы жерлерді көрсетіп тұрғандай. Қаламгердің «Қызыл байрақ астында» атты туындысында Цишуйтанның (积水潭) керемет табиғаты суреттелген. Лао шығармаларын талдай отырып «Тау», «Су», «Қыстақ», «Қуаныш», «Қайғы», «Отбасы», «Ұрпақ», «Әсемдік», «Гүлзар» концептілерін байқауға болады. Қытай тіліндегі топонимдік бірліктер ұлттық мәдени кодтарда: заттық-мәдени кодта, кеңістік кодында, репрезентталады. Концептінің жалқы есімдердің мәтіндегі репрезентант ретінде қарастырылуы ономастикалық бірліктің мағыналық бірлік ретінде танылуына байланысты. Қаламгер туындыларында пекиндіктердің дәстүрлеріне да жан-жақты көрініс берілген: «Пекиндіктер қыста ыстық нан сорпасы мянтаң 面汤 ішеді, ал жазда шуймян 水面 жейді, ай тізбегі бойынша өтетін жаңа жылдың екінші күні чунбиң 春饼 (көктем бәлішін) жейді, он екінші айдың сегізінші күні лабаджоу 腊八粥 (лаба кө-

жесін) жейді. **Он екінші айдың** 23-ші жұлдызында таңгуа (қанталған қауын 糖瓜) жейді, ал шаған мерекесінде тұшпара жейді», – деп суреттейді /2/. Қытай мәдениетінің ежелден бөлінбес бөлшегі болып келе жатқан шәй салтанатының да керемет көрінісін суреттеу арқылы оқырманға қытайдың көне өркениетінің тамаша келбеті туралы ақарат береді. Ежелден келе жатқан салт-дәстүрлер көрінісі «Алқызыл байрақ астында» атты туындысында тамаша көрініс тапқан: қытайлықтардың нәресте дүниеге келген кездегі көне салт дәстүрінен ақпарат беретін жері былайша суреттеледі: «Сисан (洗三) рәсіміне қатысушы әйелдер ең алдымен легенге су құйып, мыс теңгелер салып, құндақта ораулы балаға жақсы тілектер тіледі. Соңынан легенге бірнеше жер жаңғақ, қызыл және ақ жұмыртқаларды бірінен соң бірін салып дүниеге есік ашқан нәрестеге ізгі тілектерін аямай төгіп жатты» /3/. 《边说边洗, 白姥姥把说过不知多少遍的祝词又一句不减地说出来: “先洗头, 作王侯; 厚洗腰, 一辈比一辈高; 洗洗蛋, 作知县; 洗洗沟, 作知州! » /4/. Аудармасы: «Бай Лаолао баланы шомылдыра отырып, қайталай-қайталай жауыр болған тілек сөздердің толық нұсқасының бірін де қысқартпай айтып жатты: алдымен басын жуайық, бала елді билесін, кейіннен белін жуайық – ғұмыры оның ұзарсын, жамбасын суға салайық аймаққа аты таралсын, аяғын да жуайық – аяқтанып би болсын».

Белді қытай қаламгерінің шығармаларынан сондай-ақ тілдік қоғамдастық туралы танымдық білімдер системасын репрезенттайтын концептілер ретінде «Қыстақ», «Саябақ», «Қақпа», «Сарай» концептілері. «Шун» басқаша айтсақ «Жуан» қазақшаға аударғанда «Қыстақ» және «Юан» яғни «Саябақ», «Мын» аудармасы: «Қақпа» және «Ваңфу», яғни «Сарай» – этномәдени әлеуметтік концептілер. Лаошы туындыларындағы аталмыш концептілер Сиджымын қақпа-

сы(西直门), Дэшыңмын қақпасы, (德胜门) Андиңмын қақпасы(安定门) Цзиңиюан саябағы (静宜园) Вэйцзяцун қыстағы(魏家村), Баличу-жаң қыстағы (八里庄) Нансинжуаң қыстағы南辛庄, Синваңфу сарайы. (杏王府)Юнхэгун сарайы (云和宫) онимдері арқылы вербалданады. Осы уақытқа дейін жүргізілген түрлі деңгейдегі когнитивтік зерттеулерді қарастырғанда, жоғарыда көрсетілгендей, олардың барлығына ортақ мәселе тілдік антропоэзектік, дәлірек айтқанда, тілді тұтынушының рухани болмысы, өмірлік тәжірибесі, шарушылық мәдениеті концептуалды түрде ғаламның тілдік бейнесі ретінде көрініс табуы екендігі анықталады. Осындай теориялық қағидалар негізге алынып, Лао Шы туындыларындағы онимдердің қолданыс аясын, түрлері мен санаттарын ұлттың таным деңгейіне сай лингвоконцептуалдық құрылым ретінде қарастырдық. Өйткені қаламгер шығармаларындағы ұлттық ономастикалық атаулар қытай тіліндегі өзге де тілдік бірліктер тәрізді этностың мәдениеті, дүниетанымы мен болмысы, тарихы мен пәлсапасы жайында тілдік-адрестік, кумулятивтік қызметін атқарып келді.» Арбакеш» романындағы жер атаулары Ваңшоушан, Юнхыгуң, Бадаху-туң, Юньдинмын, Наньюан, Андинмын, Цинхы Бэйуән, Синцзекоу, Чиңхуа, Мяофыңшан тауы, Бэйсин-чжуан, Вэйцзяцун, Нан Хы-тан, Хуншан-тоу, Цзеванфу и Цзиниюан Цзин-и-юан, о Хайдиэн. Лао Шы туындыларындағы жер-су атауларының лингвомәдени ерекшеліктерін көрсету арқылы когнитивті лингвистикада жалқы есімдер концепт құраушы әлеуеті бар таңба ретінде танылатынын айғақтадық, сонымен қатар онимдік концептілік құрылымдар арқылы жалқы есімдер лингвомәдени мазмұнын ашуға болатынына, жалқы есімдердің этнолингвистикалық, лингвомәдени мазмұны сол тариха дәуірдегі «ғаламның тілдік бейнесі» мен «ұлттық ономастикалық тұрпатын» сипаттай алатынына көз жеткіздік.

Әдебиеттер

- Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры. – Алматы: Дайк-пресс., 2007. – 520 б.
 韩静太:“老舍与京味文学”, 北京大学出版社, 2011年底108页
 «老舍文集»第15卷, 北京人民出版社, 1995年, 第268页
 4.刘秉山:“老舍小说与中国传统文化” 辽宁大学学报, 1996年, 第二期
 5.萧映:«老舍小说中的“京味儿»», 中南民族学院学报, 1995年, 第二期

References

- Zhanuzak T.Kazak onomastikasy.Ataularsyrı. – Almary: Daik-Press, 2007. – 520 б.
 Han jingtai:“LaosheyuJingweiwenzue”, Beijing daxuechubanshe, 2011,108 ye
 «Lao She wenji» di15juan, Beijingrenminchubanshe, 1995, 268 ye
 Liu Kaishan: “Laoshe xiaoshuo yu zhongguo chuantong wenhua” Liaoning daxue xuebao, 1996, dier qi
 Su Ying:«Laoshe xiaoshuo zhongde “jingwer», Zhongnanminzu xueyuan xuebao 1995dier qi.